

«Kaspi Bank» АҚ/АО «Kaspi Bank»
Нормативтік құжат / Нормативный документ
№ Н-984
күні /дата 05.01.15г.

УТВЕРЖДЕНЫ
Советом директоров
АО «Kaspi Bank»
Протокол № 2015/01-01
от 05.01.2015г.
с изменениями и дополнениями
Протокол №2016/08-85
от 24.08.2016г.
с изменениями и дополнениями
Протокол №2017/02-11
от 08.02.2017г.
с изменениями и дополнениями
Протокол №2018/10-86
от 15.10.2018г.

**ПРАВИЛА ВНУТРЕННЕГО КОНТРОЛЯ, ДОСТУПА, РАСПОРЯЖЕНИЯ И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ
ИНСАЙДЕРСКОЙ ИНФОРМАЦИИ
АО «KASPI BANK»**

СОДЕРЖАНИЕ

1. Общие положения
2. Определение терминов
3. Инсайдерская информации Банка
4. Порядок и сроки раскрытия Инсайдерской информации
5. Определение Инсайдеров Банка
6. Порядок ведения и поддержания в актуальном состоянии Списка Инсайдеров
7. Порядок и сроки уведомления лиц о включении их в Список Инсайдеров/ исключении их из Списка Инсайдеров
8. Порядок и сроки предоставления информации Банку организациями, являющимися Инсайдерами Банка
9. Правила доступа и использования Списка Инсайдеров/Инсайдерской информации Банка
10. Контроль недопущения возможности неправомерного использования Инсайдерской информации Банка
11. Заключительные положения

1. Общие положения

- 1.1. Настоящие «Правила внутреннего контроля, доступа, распоряжения и использования инсайдерской информации АО «Kaspi Bank» (далее по тексту - Правила) разработаны в целях определения инсайдерской информации и её использования.
- 1.2. Настоящие Правила распространяются на любые сделки Инсайдеров с ценными бумагами Банка, совершенные на любых фондовых биржах (как в Казахстане, так и за его пределами) и на неорганизованном рынке ценных бумаг, за исключением приобретения ценных бумаг Банка при их первичном размещении в соответствии с правом преимущественной покупки.
- 1.3. Правила разработаны в соответствии с:
 - Законом Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг» (далее по тексту – Закон);
 - Правилами Организатора торгов;
 - Правилами раскрытия инсайдерской информации на рынке ценных бумаг (Постановление Правления Национального Банка Республики Казахстан №69 от 24.02.2012).

2. Определение терминов

Банк – АО «Kaspi Bank».

ДК – Департамент казначейства.

ДФО – Депозитарий финансовой отчетности.

ДЭАиП – Департамент экономического анализа и планирования Банка.

ДБУ – Департамент бухгалтерского учета Банка.

ДВА – Департамент внутреннего аудита Банка.

ДКК – Департамент комплаенс-контроля Банка.

Инсайдер - лицо, обладающее доступом к Инсайдерской информации Банка. Перечень Инсайдеров определяется в соответствии с Законом и настоящими Правилами.

Инсайдерская информация - достоверная информация о ценных бумагах (производных финансовых инструментах) Банка, сделках с ними, а также о Банке как эмитенте, выпустившем (предоставившем) ценные бумаги (производные финансовые инструменты), осуществляемой им деятельности, составляющая коммерческую тайну, а также иная информация, не известная третьим лицам, раскрытие которой может повлиять на изменение стоимости ценных бумаг (производных финансовых инструментов) и на деятельность их эмитента.

Уполномоченный орган – государственный орган, осуществляющий регулирование, контроль и надзор за финансовым рынком и финансовыми организациями.

СМИ – средства массовой информации (печатные издания и/или веб-сайты).

События, имеющие существенное значение - события, оказывающие существенное влияние на деятельность Банка, согласно требованиям Закона РК «Об акционерных обществах», Закона РК «О рынке ценных бумаг» и Правил Организатора торгов.

УФИ – Управление финансовых институтов Банка.

Ценные бумаги - акции, облигации и другие финансовые инструменты (в том числе выпущенные в соответствии с законодательством иностранного государства), выпущенные Банком, или долговые ценные бумаги его дочерней организацией специального назначения, выпущенных под гарантию Банка.

KASE – АО «Казахстанская фондовая биржа».

Организатор торгов – KASE и иная организация (в том числе иностранная), в список торговой площадки которой включены Ценные бумаги.

КРВК – Комитет по рискам и внутреннему контролю Банка.

КУПА – Комитет по управлению пассивами и активами Банка.

ДРР – Департамент рыночных рисков Банка.

ДКУ – Департамент корпоративного управления Банка.

3. Инсайдерская информация Банка

- 3.1. К Инсайдерской информации Банка относится:

- 1) информация о выпускаемых Ценных бумагах (объём выпуска, номинальная стоимость облигаций, цена размещения акций, цена сделки и т.д.), являющаяся конфиденциальной до момента осуществления соответствующих сделок по ним;
 - 2) информация о финансовой отчетности Банка – до её официальной публикации/размещения на интернет-ресурсе Банка (www.kaspibank.kz и/или www.kaspi.kz) и/или на интернет-ресурсе KASE (www.kase.kz) и/или в программном обеспечении ДФО (ЕССО);
 - 3) информация о событиях, имеющих существенное значение - до её официальной публикации/размещения на корпоративном сайте Банка;
 - 4) информация о продаже Банком в результате одной сделки или серии сделок собственных акций в размере 10 и более процентов от общего количества размещенных акций, до того, как информация станет публичной;
 - 5) информация о намерении Банка выкупить 10 и более процентов от общего количества размещенных акций, до того, как информация станет публичной;
 - 6) информация о конвертации акций, до того, как информация станет публичной.
- 3.2. К Инсайдерской информации Банка не относится:

- 1) информация, подготовленная на основании общедоступных сведений, включая исследования, прогнозы и оценку в отношении стоимости ценной бумаги (производного финансового инструмента) Банка, имущественного положения Банка, произведенные в целях принятия инвестиционных решений и (или) подготовки рекомендаций или предложений об осуществлении операций с ценными бумагами (производными финансовыми инструментами) Банка;
- 2) информация, полученная из СМИ;
- 3) неподтвержденная информация, источник которой неизвестен, распространяемая среди широкого круга лиц, а также предположения относительно текущей или планируемой деятельности Банка.

4. Порядок и сроки раскрытия Инсайдерской информации

4.1. Банк раскрывает Инсайдерскую информацию Банка:

- 1) в части квартальной и годовой финансовой отчетности путем направления Организатору торгов (напрямую или через платежного агента), ДФО и размещения на интернет-ресурсе Банка в сроки, установленные законодательством Республики Казахстан и/или требованиями Организатора торгов;
- 2) в отношении событий, имеющих существенное значение – путем направления на соответствующие интернет-ресурсы уведомления о наступлении события в порядке и сроки, установленные законодательством Республики Казахстана, требованиями Организатора торгов и внутренними нормативными документами Банка.

Публикация вышеуказанных сведений осуществляется соответствующими подразделениями, ответственными за такую публикацию в соответствии с внутренними нормативными документами Банка.

4.2. Уведомление Организатору торгов должно происходить ранее или одновременно с распространением Банком соответствующих пресс-релизов на интернет-ресурсе Банка.

5. Определение Инсайдеров Банка

5.1. Инсайдерами Банка признаются:

- 1) работники (в том числе должностные лица) Банка, обладающие доступом к инсайдерской информации в силу своего служебного положения и трудовых обязанностей;
- 2) физические и юридические лица, обладающие доступом к Инсайдерской информации в силу владения, пользования и (или) распоряжения прямо или косвенно десятью или более процентами голосующих акций (долей участия в уставном капитале) Банка;
- 3) аудиторская организация, оценщик, профессиональные участники рынка ценных бумаг и другие лица, оказывающие услуги Банку в соответствии с заключенным договором (в том числе устным), условиями которого предусмотрено раскрытие Инсайдерской информации Банка;
- 4) Организатор торгов;

- 5) члены Совета директоров KASE, листинговой комиссии KASE и экспертного комитета KASE [в торговой системе которой заключаются сделки с ценными бумагами Банка], созданного в целях рассмотрения вопросов признания сделок с ценными бумагами, совершенными в целях манипулирования;
- 6) государственные служащие, обладающие доступом к Инсайдерской информации Банка в силу предоставленных им функций по государственному контролю и надзору за деятельностью субъектов рынка ценных бумаг;
- 7) общественные объединения и саморегулируемые организации, членами которых являются эмитенты и организации, указанные в пп.2)-4) настоящего пункта, обладающие в силу предоставленных им полномочий доступом к Инсайдерской информации Банка;
- 8) работники организаций, указанных в пп.2)-4), 7) настоящего пункта, обладающие доступом к Инсайдерской информации Банка в силу своего служебного положения и трудовых обязанностей;
- 9) лица, получившие инсайдерскую информацию от лиц, указанных в пп.1)-8) настоящего пункта.

6. Порядок ведения и поддержания в актуальном состоянии Списка Инсайдеров

6.1. В список инсайдеров включается информация о лицах в соответствии с пп. 1)-4) пункта 5.1 Правил. Список Инсайдеров ежеквартально составляется ДКК по форме, установленной Приложением №1 к настоящим Правилам, на основании следующих данных:

- 1) по пп. 1) пункта 5.1. Правил – на основании информации, получаемой от соответствующих подразделений Банка (ДК, ДБУ, УФИ, ДЭАиП, Корпоративного секретаря, ДКУ, ДРР, секретарь КРВК, секретарь КУПА);
- 2) по пп.2) пункта 5.1. Правил – на основании информации, получаемой от ДКУ;
- 3) по пп.3)-4) пункта 5.1. Правил – на основании данных представленных ДК, УФИ, ДЭАиП, заключивших соответствующие договора с лицами, указанными в пп.3)-4) пункта 5.1. Правил.

6.2. Информация по лицам, указанным в пункте 5.1. Правил, предоставляемая в ДКК, должна содержать следующие данные:

- 1) фамилию, имя (при наличии - отчество) физического лица, дату его рождения (адрес электронной почты, контактный телефон, должность);
- 2) наименование юридического лица, его месте нахождения, реквизитах документа, подтверждающего государственную регистрацию (перерегистрацию) юридического лица;
- 3) основание включения в список инсайдеров;
- 4) дату возникновения основания для включения в список инсайдеров;
- 5) дату исключения из списка инсайдеров.

6.3. Руководители подразделений, предоставляющих вышеуказанную информацию, несут ответственность за её полноту и достоверность, а также за соблюдение сроков ее предоставления и поддержание в актуальном состоянии реквизитов Инсайдеров.

6.4. Информация, а также подтверждение ранее предоставленной информации по лицам, указанным в пункте 5.1. Правил, предоставляется в ДКК, лицами, указанными в пункте 6.1. Правил, ежеквартально в течение 7 рабочих дней по истечении каждого календарного квартала, по состоянию на первое число месяца, следующего за указанным кварталом, по запросу ДКК.

6.5. На основании полученной информации, ДКК:

- 1) составляет единый Список Инсайдеров на первое число месяца, следующего за отчетным кварталом;
- 2) каждый квартал, следующий за отчетным, предоставляет Список Инсайдеров на утверждение Председателем Правления Банка или лицом, его замещающим.

7. Порядок и сроки уведомления лиц о включении их в Список Инсайдеров/ исключении их из Списка Инсайдеров

7.1. Банк письменно (на бумажном или электронном носителе) уведомляет лиц, указанных в пп.1)-4) пункта 5.1. Правил, о включении их в Список Инсайдеров (исключении из Списка Инсайдеров), а также о требованиях к Инсайдерам.

7.2. Уведомления направляются не позднее квартала с даты включения таких лиц в Список Инсайдеров (исключения из Списка Инсайдеров). Уведомления направляются лицам, включенным в Список Инсайдеров, по почте или электронной почте на их адреса, предоставленные подразделениями, указанными в п.6.1. Правил.

8. Порядок и сроки предоставления информации Банку организациями, являющимися Инсайдерами Банка

8.1. Организации, указанные в пп.2)-4) и 7) пункта 5.1. Правил, обязаны:

- 1) вести список своих работников, обладающих в силу своего служебного положения и трудовых обязанностей доступом к Инсайдерской информации Банка, Инсайдерами в отношении которого признаны данные юридические лица;
- 2) информировать своих работников о требованиях законодательства РК в части запрета на использование Инсайдерской информации Банка и настоящих Правил, Инсайдерами в отношении которого признаны данные юридические лица;
- 3) информировать Банк о своих работниках, обладающих в силу своего служебного положения и трудовых обязанностей доступом к инсайдерской информации Банка, в порядке и в сроки, установленные настоящими Правилами.

8.2. Организации, указанные в пп.2)-4), 7) пункта 5.1. Правил, письменно информируют:

- 1) Банк не позднее одного рабочего дня до даты предоставления работникам (в том числе, должностным лицам) доступа к Инсайдерской информации Банка о данных лицах;
- 2) самих работников – о наделении их статусом Инсайдеров, о требованиях законодательства РК в части запрета на использование Инсайдерской информации Банка и настоящих Правил;
- 3) Банк не позднее одного рабочего дня до даты прекращения доступа работников (в том числе, должностных лиц) к Инсайдерской информации Банка (в том числе, в случае увольнения/прекращения полномочий);
- 4) Банк - о прекращении доступа таких работников к Инсайдерской информации Банка;
- 5) Банк и работников - о дате, когда для работников истечет срок обязательств по соблюдению конфиденциальности в отношении Инсайдерской информации Банка [по истечении одного года с последней даты раскрытия такому работнику Инсайдерской информации Банка];
- 6) не позднее одного рабочего дня до даты истечения срока обязательств работников (в том числе, должностных лиц) по соблюдению конфиденциальности в отношении Инсайдерской информации Банка:
 - Банк - об истечении вышеуказанного срока и
 - своих работников (в том числе бывших) - об аннулировании статуса Инсайдеров;
- 7) на ежеквартальной основе о списке своих сотрудников, обладающих доступом к Инсайдерской информацией Банка.

8.3. Организации, указанные в пп.2)-4), 7) пункта 5.1. Правил, несут самостоятельную ответственность за соблюдение требований законодательства РК в части запрета на использование Инсайдерской информации Банка и настоящих Правил, в том числе, за своевременное информирование Банка и своих работников о предоставлении и/или прекращении доступа работников к Инсайдерской информации Банка.

9. Правила доступа и использования Списка Инсайдеров/ Инсайдерской информации Банка

9.1. Список Инсайдеров является конфиденциальным. Доступ к Списку Инсайдеров внутри Банка имеет Совет директоров, Председатель Правления, ДКК, руководители подразделений (ДБУ, ДК, УФИ, ДЭАиП, ДКУ, Корпоративный секретарь, ДВА, секретарь КРВК, секретарь КУПА, ДРР).

9.2. Список Инсайдеров хранится в ДКК и может предоставляться уполномоченному органу и/или специальным подразделениям Организатора торгов по их письменному запросу.

9.3. Инсайдером Банка в любое время запрещается:

- 1) использовать инсайдерскую информацию при совершении сделок с ценными бумагами (производными финансовыми инструментами) Банка и иного манипулирования на рынке ценных бумаг в своих интересах или в интересах третьих лиц;
 - 2) передавать третьим лицам или делать доступной для третьих лиц Инсайдерскую информацию Банка, за исключением случаев, предусмотренных законодательством и/или настоящими Правилами;
 - 3) предоставлять третьим лицам рекомендации о совершении сделок с ценными бумагами, основанные на Инсайдерской информации.
- 9.4. Инсайдеры обязаны обеспечить надлежащий контроль за доступом неуполномоченных лиц к документам, содержащим Инсайдерскую информацию Банка, а также избегать обсуждения такой информации в местах, где она может быть услышана/увидена как неуполномоченными лицами, не являющимися Инсайдерами, так и третьими лицами, не имеющими права доступа к Инсайдерской информации Банка.

10. Контроль недопущения возможности неправомерного использования Инсайдерской информации Банка

- 10.1. Контроль за соблюдением Инсайдерами настоящих Правил осуществляется путем:
- 1) ознакомления Инсайдеров с настоящими Правилами и требованиями законодательства РК;
 - 2) принятия Советом директоров или Председателем Правления мер в отношении Инсайдеров (указанных в Приложении 1 к Правилам) в случае совершения ими запрещенных действующим законодательством РК действий, а также действий, указанных в настоящих Правилах.
- 10.2. Ознакомление Инсайдеров с настоящими Правилами осуществляется путем размещения настоящих Правил на интернет-ресурсе Банка. Доступ к Правилам обеспечивается без взимания платы, за исключением платы за предоставление копий Правил в размере, не превышающем величину расходов на изготовление.
- 10.3. При наличии достаточных оснований полагать, что:
- 1) действия Инсайдеров осуществлены с использованием Инсайдерской информации Банка и/или в нарушение глав 8, 9 настоящих Правил;
 - 2) на рынке ценных бумаг происходят действия, связанные с использованием Инсайдерской информации Банка или с несанкционированной утечкой информации либо в целях манипулирования на рынке ценных бумаг.
- Директор ДК незамедлительно доводит такую информацию до сведения Председателя Правления Банка, который в свою очередь доводит указанную информацию до сведения Совета директоров Банка на его ближайшем заседании для принятия решения о мерах реагирования. Руководитель ДВА незамедлительно сообщает Совету директоров Банка о случаях обнаружения нарушений порядка информирования Председателя Правления Банка и/или Совета директоров Банка, установленных настоящим пунктом Правил.
- 10.4. При получении информации о нарушении Инсайдерами требований настоящих Правил Председатель Правления или Совет директоров принимает решение о мерах, которые должны быть применены к Инсайдеру, включая (но не ограничиваясь):
- 1) требование о недопущении впредь нарушений Правил;
 - 2) усиление контроля за соблюдением Правил;
 - 3) направления информации о сделке с Ценными бумагами в Уполномоченный орган с целью признания им сделки как заключенной с целью манипулирования на рынке ценных бумаг;
 - 4) меры дисциплинарного взыскания, в случаях, когда они могут быть применены в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан;
 - 5) иные легитимные меры.
- 10.5. При получении информации о том, что на рынке ценных бумаг происходят действия, связанные с использованием Инсайдерской информации Банка или с несанкционированной утечкой информации либо в целях манипулирования на рынке ценных бумаг, Председатель Правления или Совет директоров может принять решения, включая (но не ограничиваясь):

- 1) о проведении служебного расследования в целях выявления виновных лиц или источника утечки информации;
- 2) о выпуске Банком пресс-релиза о реальном положении вещей;
- 3) об обращении к Организатору торгов, в органы финансового надзора или судебные органы;
- 4) иные легитимные меры.

11. Заключительные положения

- 11.1. Инсайдеры Банка, ознакомившиеся с настоящими Правилами, соглашаются, что:
- 1) за нарушение настоящих Правил и за совершение сделок в целях манипулирования на рынке ценных бумаг, в том числе с использованием Инсайдерской информации Банка, Инсайдеры несут ответственность, предусмотренную законодательством Республики Казахстан и/или законодательством страны, на территории которой была осуществлена сделка с ценными бумагами Банка;
 - 2) Банк вправе предоставлять уполномоченному органу и/или специальным подразделениям фондовых бирж информацию об Инсайдерах или сделках, совершенных ими, составляющих коммерческую тайну на рынке ценных бумаг по соответствующим запросам и требованиям законодательства и Правил KASE.
- 11.2. Иные вопросы, не урегулированные настоящими Правилами, решаются в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан и внутренних нормативных документов Банка.
- 11.3. Настоящие Правила вводятся в действие с даты их утверждения Советом директоров Банка.

Приложение №1 к Правилам внутреннего контроля, доступа, распоряжения и использования инсайдерской информации АО «Kaspi Bank», утвержденным Решением Совета Директоров
 Протокол № от 2015г.

Список работников АО «Kaspi Bank» и иных лиц, обладающих доступом к инсайдерской информации по состоянию на / /20 г.

№	Ф.И.О. физического лица / наименование юридического лица	Дата рождения физического лица / реквизиты документа, подтверждающего государственную регистрацию (перерегистрацию) юридического лица	Категория лиц / подразделение Банка	Место нахождения юридического лица / должность физического лица	Основание для включения в список инсайдеров	Дата возникновения основания для включения в список	Дата вручения уведомления	Основание для исключения из списка	Дата исключения из списка
Физические лица									
1									
2									
Юридические лица									
3									
4									

"Утверждаю:"

Подпись Председатель Правления/лица, его замещающего _____

МП

«Kaspi Bank» АҚ/АО «Kaspi Bank»
Нормативтік құжат / Нормативный документ
№ Н-984
күні /дата 05.01.15г.

«Kaspi Bank» АҚ
Директорлар кеңесі
БЕКІТКЕН
05.01.2015ж.
№ 2015/01-01 хаттама
24.08.2016ж. № 2016/08-85 хаттамамен енгізілген
өзгерістерімен
және толықтыруларымен.
08.02.2017ж. № 2017/02-11 хаттамамен
енгізілген өзгерістерімен
және толықтыруларымен.
15.10.2018ж. № 2018/10-86 хаттамамен
енгізілген өзгерістерімен
және толықтыруларымен

**«KASPI BANK» АҚ-ТЫҢ ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТЫН ІШКІ БАҚЫЛАУ,
ОҒАН ҚОЛ ЖЕТКІЗУ, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕСІ**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Терминдердің анықтамасы
3. Банктің инсайдерлік ақпараты
4. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімі
5. Банктің Инсайдерлерін анықтау
6. Инсайдерлер тізімін жүргізу және өзекті күйінде ұстау тәртібі
7. Инсайдерлер тізіміне енгізу/оларды Инсайдерлер тізімінен шығару туралы тұлғаларға хабарлау тәртібі мен мерзімдері
8. Банктің Инсайдерлері болып табылатын ұйымдардың Банкке ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері
9. Инсайдерлер тізіміне/Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу және оларды пайдалану ережесі
10. Банктің Инсайдерлік ақпаратының заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол берілмеуін бақылау
11. Қорытынды ережелер

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы «Kaspi Bank» АҚ-тың инсайдерлік ақпаратын ішкі бақылау, оған қол жеткізу, басқару және пайдалану ережесі (бұдан әрі мәтін бойынша – Ереже) инсайдерлік ақпаратты айқындау және оны пайдалану мақсатында әзірленген.
- 1.2. Осы Ереже Банктің бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес бастапқы орналастырған кезде сатып алуды қоспағанда, кез келген қор биржасында (Қазақстанда, сол сияқты одан тысқары жерде де) және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында Инсайдерлердің Банктің бағалы қағаздарымен жасалатын кез келген мәмілесіне қолданылады.
- 1.3. Ереже:
 - «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі мәтін бойынша – Заң);
 - Сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелеріне;
 - Бағалы қағаздар нарығында инсайдерлік ақпаратты ашу қағидаларына (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 24.02.2012ж. № 69 қаулысы) сәйкес әзірленді.

2. Терминдердің анықтамалары

Банк – «Kaspi Bank» АҚ.

ҚД – Қазынашылық департаменті.

ҚЕД – Қаржылық есептілік депозитарийі.

ЭТЖЖД – Банктің Экономикалық талдау және жоспарлау департаменті.

БЕД – Банктің Бухгалтерлік есеп департаменті.

ІАД – Банктің Ішкі аудит департаменті.

КБД – Банктің Комплаенс-бақылау департаменті.

Инсайдер – Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлға. Инсайдерлер тізбесі Заңға және осы Ережеге сәйкес айқындалады.

Инсайдерлік ақпарат – Банктің бағалы қағаздары, (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) эмитент ретіндегі Банк, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын анық ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат.

Уәкілетті орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттейтін, бақылайтын және қадағалайтын мемлекеттік орган.

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары (баспасөз басылымдары және/немесе веб-сайттар).

Елеулі мәні бар оқиғалар – «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР заңының және Сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелерінің талаптарына сай Банктің қызметіне елеулі әсер ететін оқиғалар.

ҚИБ – Банктің Қаржы институттары басқармасы.

Бағалы қағаздар – Банктің шығарған акциялары, облигациялары және басқа да қаржы құралдары (оның ішінде шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған) немесе Банктің кепілдігімен шығарылған, оның еншілес ұйымының арнайы мақсаттағы борыштық бағалы қағаздары.

KASE – «Қазақстан қор биржасы» АҚ».

Сауда-саттықты ұйымдастырушы – KASE және сауда алаңының тізіміне бағалы қағаздар енгізілген өзге де ұйым (соның ішінде шетелдік ұйым).

ТІБК – Банктің Тәуекелдер және ішкі бақылау жөніндегі комитеті.

ПАБК – Банктің Пассивтер мен активтерді басқару жөніндегі комитеті.

НТД – Банктің Нарық тәуекелдері департаменті.

КБД – Банктің Корпоративтік басқару департаменті.

3. Банктің инсайдерлік ақпараты

3.1. Мыналар Банктің инсайдерлік ақпаратына жатады:

- 1) олар бойынша тиісті мәмілелерді жүзеге асырған сәтке дейін құпия болып табылатын, шығарылатын Бағалы қағаздар туралы ақпарат (шығарылым көлемі, облигациялардың номиналды құны, акцияларды орналастыру бағасы, мәміле бағасы және т.б.);
- 2) Банктің интернет-ресурсында (www.kaspibank.kz және/немесе www.kaspi.kz) және/немесе KASE интернет-ресурсында (www.kase.kz) және/немесе ҚЕД бағдарламалық қамсыздандыруында

(ЕССО) ресми жарияланғанға/орналастырылғанға дейінгі Банктің қаржылық есептілігі туралы ақпарат;

- 3) Банктің корпоративтік сайтында ресми жарияланғанға/орналастырылғанға дейінгі елеулі маңызы бар оқиғалар туралы ақпарат;
 - 4) ақпарат жария етілгенге дейін орналастырылған акциялардың жалпы санының 10 және одан көп пайызы мөлшерінде бір мәміле немесе мәмілелер сериясы нәтижесінде Банктің меншікті акцияларын сатуы туралы ақпарат;
 - 5) Банктің орналастырылған акциялардың жалпы санының 10 және одан көп пайызын ақпарат жария болғанға дейін сатып алу ниеті туралы ақпарат;
 - 6) ақпарат жария етілгенге дейін акцияларды айырбастау туралы ақпарат.
- 3.2. Мыналар Банктің инсайдерлік ақпаратына жатпайды:

- 1) Инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) Банктің бағалы қағаздарымен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүргізу туралы ұсынымдар немесе ұсыныстарды әзірлеу мақсатында жасалған, Банктің бағалы қағазының (туынды қаржы құралының) құнына, Банктің мүлктік жағдайына қатысты зерттеуді, болжауды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтердің негізінде дайындалған ақпарат;
- 2) БАҚ-тан алынған ақпарат;
- 3) дереккөзі белгісіз, көпшілік қауымға таратылатын, расталмаған ақпарат, сондай-ақ Банктің ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

4. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімі

4.1. Банктің инсайдерлік ақпаратын Банк:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Сауда-саттықты ұйымдастырушының талаптарында белгіленген мерзімде Сауда-саттықты ұйымдастырушыға (тікелей немесе төлем агенті арқылы), ҚЕД-ке жөнелту және Банктің интернет-ресурсында орналастыру арқылы тоқсандық және жылдық қаржылық есептілік бөлігінде;
- 2) елеулі маңызы бар оқиғаларға қатысты – Қазақстан Республикасының заңнамасында, Сауда-саттықты ұйымдастырушының талаптарында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде оқиғаның басталғаны туралы хабарламаны тиісті интернет-ресурстарға жіберу арқылы ашады.
Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес осындай жариялауға жауапты тиісті бөлімшелер жоғарыда аталған мәліметтерді жариялайды.

4.2. Сауда-саттықты ұйымдастырушыға ертерек немесе Банктің интернет-ресурсында тиісті баспасөз релиздерін Банк таратқан уақытта хабарлануы керек.

5. Банктің Инсайдерлерін анықтау

5.1. Келесі тұлғалар Банктің Инсайдерлері болып танылады:

- 1) өзінің қызмет жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын бар Банктің жұмыскерлері (оның ішінде лауазымды тұлғалар);
- 2) Банктің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иеленуіне, пайдалануына және (немесе) билік етуіне байланысты Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын жеке және заңды тұлғалар;
- 3) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар және талаптарында Банктің инсайдерлік ақпаратын ашып көрсету көзделіп жасалған (оның ішінде ауызша) шартқа сәйкес Банкке қызмет көрсететін басқа да тұлғалар.
- 4) Сауда-саттықты ұйымдастырушы;
- 5) KASE Директорлар кеңесінің, KASE листинг комиссиясының және бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мәселелерін қарастыру мақсатында құрылған KASE сараптама комитетінің [сауда жүйесінде Банктің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасалатын] мүшелері;
- 6) өздеріне берілген бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларына қарай Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын мемлекеттік қызметшілер;
- 7) мүшелері эмитенттер болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар және осы тармақтың 2)-4) тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктерге қарай Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын ұйымдар;

- 8) осы тармақтың 2)-4), 7) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын жұмыскерлері;
- 9) осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында аталған адамдардан инсайдерлік ақпаратты алған адамдар.

6. Инсайдерлер тізімін жүргізу және өзекті күйінде ұстау тәртібі

6.1. Инсайдерлер тізіміне тұлғалар туралы ақпарат Ереженің 5.1-тармағының 1)-4) тармақшаларына сәйкес енгізіледі.

КБД тоқсан сайын осы Ереженің № 1 қосымшасында белгіленген нысан бойынша мынадай деректердің:

- 1) Ереженің 5.1-тармағының 1) тармақшасы бойынша – Банктің тиісті бөлімшелерінен (ҚД, БЕД, ҚИБ, ЭТЖЖД, Корпоративтік хатшыдан, КБД, НТД, ТІБК хатшысынан, ПАБК хатшысынан) алынатын ақпараттың негізінде;
- 2) Ереженің 5.1-тармағының 2) тармақшасы бойынша – КБД-дан алынатын ақпараттың негізінде;
- 3) Ереженің 5.1-тармағының 3)-4) тармақшалары бойынша – Ереженің 5.1-тармағының 3)-4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалармен тиісті шарт жасасқан ҚД, ҚИБ, ЭТЖЖД берген деректердің негізінде Инсайдерлер тізімін жасайды.

6.2. КБД-ға берілетін, Ереженің 5.1-тармағында көрсетілген тұлғалар бойынша ақпаратта мынадай деректер қамтылуға тиіс:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса – әкесінің аты), оның туған күні (электрондық поштасының мекенжайы, байланыс телефоны, лауазымы);
- 2) заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері;
- 3) инсайдерлер тізіміне енгізу негіздері;
- 4) инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздің пайда болған күні;
- 5) инсайдерлер тізімінен алып тастау күні.

6.3. Жоғарыда аталған ақпаратты ұсынатын бөлімшелердің басшылары оның толықтығы мен шынайылығы, сондай-ақ оны беру мерзімдерінің сақталуы және Инсайдерлердің деректемелерін өзекті күйінде ұстау үшін жауапкершілік атқарады.

6.4. Ереженің 6.1-тармағында аталған тұлғалар КБД-ның сұратуымен тоқсан сайын әр күнтізбелік тоқсан өткеннен кейін 7 жұмыс күні ішінде, аталған тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша КБД-ға ақпаратты, сондай-ақ Ереженің 5.1-тармағында аталған тұлғалар бойынша бұрын берілген ақпаратты растауды береді.

6.5. Алынған ақпараттың негізінде, КБД:

- 1) есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күні Инсайдерлердің бірыңғай тізімін жасайды;
- 2) есепті тоқсаннан кейін әр тоқсан сайын Инсайдерлердің тізімін Банк Басқармасы Төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның бекітуіне береді.

7. Инсайдерлер тізіміне енгізу/ оларды Инсайдерлер тізімінен шығару туралы тұлғаларға хабарлау тәртібі мен мерзімдері

7.1. Банк Ереженің 5.1-тармағының 1)-4) тармақшаларында аталған тұлғаларға олардың Инсайдерлер тізіміне енгізілгені (Инсайдерлер тізімінен шығарылғаны) туралы, сондай-ақ Инсайдерлерге қойылатын талаптар туралы жазбаша (қағаз немесе электрондық тасымалдаушыда) хабарлайды.

7.2. Хабарламалар осындай тұлғаларды Инсайдерлер тізіміне енгізген (Инсайдерлер тізімінен шығарған) күннен бастап бір тоқсаннан кешіктірмей жіберіледі. Хабарламалар Инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға Ереженің 6.1-тармағында аталған бөлімшелердің берген олардың мекенжайларына пошта немесе электрондық пошта арқылы жіберіледі.

8. Банктің Инсайдерлері болып табылатын ұйымдардың Банкке ақпарат беру тәртібі мен мерзімдері

8.1. Ереженің 5.1-тармағының 2)-4) және 7) тармақшаларында аталған ұйымдар:

- 1) осы заңды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер деп танылған, өзінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз жұмыскерлерінің тізімін жүргізуге;

- 2) осы заңды тұлғалар оған қатысты Инсайдерлер деп танылған Банктің Инсайдерлік ақпаратын және осы Ережені пайдалануға тыйым салу бөлігінде ҚР заңнамасының талаптары туралы өз жұмыскерлеріне хабарлауға;
 - 3) өзінің қызмет жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз жұмыскерлері туралы Банкке осы Ережеде белгіленген тәртіппен және мерзімде хабарлауға міндетті.
- 8.2. Ереженің 5.1-тармағының 2)-4) және 7) тармақшаларында аталған ұйымдар:
- 1) Банкке осы тұлғалар туралы жұмыскерлерге (оның ішінде лауазымды тұлғаларға) Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуге рұқсат беретін күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - 2) жұмыскерлерге – оларға Инсайдерлер мәртебесін беру туралы, Банктің Инсайдерлік ақпаратын және осы Ережені пайдалануға тыйым салу бөлігінде ҚР заңнамасының талаптары туралы;
 - 3) Банкке жұмыскерлердің (оның ішінде лауазымды тұлғалардың) Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуін тоқтататын күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей (оның ішінде, жұмыстан босатылған/ өкілеттігі тоқтатылған жағдайда);
 - 4) Банкке мұндай жұмыскерлердің Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуін тоқтатқаны туралы;
 - 5) Банкке және жұмыскерлерге – жұмыскерлер үшін Банктің Инсайдерлік ақпаратына қатысты құпиялылықты сақтау міндеттемелерінің мерзімі аяқталатын күн туралы [осындай жұмыскерге Банктің Инсайдерлік ақпараты ашылған соңғы күннен бастап бір жыл өткеннен кейін];
 - 6) Банктің Инсайдерлік ақпаратына қатысты құпиялылықты сақтау бойынша жұмыскерлердің (оның ішінде лауазымды тұлғалардың) міндеттемелерінің мерзімі аяқталатын күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей:
 - Банкке жоғарыда көрсетілген мерзімнің аяқталғаны туралы және
 - өз жұмыскерлеріне (оның ішінде бұрынғы жұмыскерлеріне) Инсайдерлер мәртебесінің жойылғаны туралы;
 - 7) Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз жұмыскерлерінің тізімі туралы тоқсан сайын жазбаша хабарлайды.
- 8.3. Ереженің 5.1-тармағының 2)-4) және 7) тармақшаларында аталған ұйымдар Банктің Инсайдерлік ақпаратын және осы Ережені пайдалануға тыйым салу бөлігінде ҚР заңнамасының талаптарын сақтау үшін, соның ішінде Банкке және өз жұмыскерлеріне жұмыскерлердің Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуіне рұқсат беру және/немесе қол жеткізуін тоқтату туралы уақтылы хабарлау үшін өз бетінше жауапкершілік атқарады.

9. Инсайдерлер тізіміне/Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу және оларды пайдалану ережелері

- 9.1. Инсайдерлер тізімі құпия болып табылады. Банктің ішінде Инсайдерлер тізіміне Директорлар кеңесі, Басқарма Төрағасы, КБД, бөлімшелердің басшылары (БЕД, ҚД, ҚИБ, ЭТЖЖД, КБД, Корпоративтік хатшы, ІАД, ТІБК хатшысы, ПАБК хатшысы, НГД) қол жеткізе алады.
- 9.2. Инсайдерлер тізімі КБД-де сақталады және уәкілетті органға және/немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының арнайы бөлімшелеріне олардың жазбаша сұрату бойынша берілуі мүмкін.
- 9.3. Банк Инсайдерлеріне кез келген уақытта:
 - 1) Банктің бағалы қағаздарымен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасаған және бағалы қағаздар нарығында өзге де айла-шарғы жасаған кезде инсайдерлік ақпаратты өз мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдалануға;
 - 2) заңнамада және/немесе осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға Банктің инсайдерлік ақпаратын беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
 - 3) Инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.
- 9.4. Инсайдерлер уәкілетті емес тұлғалардың Банктің Инсайдерлік ақпараты қамтылған құжаттарға қол жеткізуіне тиісті бақылау жасалуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Инсайдерлер болып табылмайтын уәкілетті емес тұлғалар, сол сияқты Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуге құқығы жоқ үшінші тұлғалар естілуі/көрінуі мүмкін жерлерде осындай ақпаратты талқылаудан аулақ болуға міндетті.

10. Банктің Инсайдерлік ақпаратының заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол берілмеуін бақылау

- 10.1. Инсайдерлердің осы Ережені сақтауы:

- 1) Инсайдерлерді осы Ережемен және ҚР заңнамасының талаптарымен таныстыру арқылы;
 - 2) Инсайдерлер ҚР қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынған іс-әрекеттерді, сондай-ақ осы Ережеде аталған іс-әрекеттерді жасаған жағдайда, Директорлар Кеңесінің немесе Басқарма Төрағасының Инсайдерлерге (Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген) қатысты шара қабылдауы арқылы бақыланады.
- 10.2. Инсайдерлер осы Ережені Банктің интернет-ресурсында орналастыру арқылы осы Ережемен танысады. Ереженің көшірмелерін бергені үшін жасауға жұмсалған шығыстардың мөлшерінен аспайтын мөлшерде алған ақыны қоспағанда, Ережеге ақы алмай қол жеткізу қамтамасыз етіледі.
- 10.3. Мыналар:
- 1) Инсайдерлердің іс-әрекеттері Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдаланып және/немесе осы Ереженің 8, 9-тарауларын бұзып жүзеге асырылған;
 - 2) Бағалы қағаздар нарығында Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға немесе ақпараттың рұқсатсыз таралуына байланысты немесе бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында іс-әрекеттер жүргізіліп отыр деуге жеткілікті негіздер болған кезде, ҚД директоры мұндай ақпаратты дереу Банктің Басқарма Төрағасының назарына жеткізеді, ол өз кезегінде әрекет ету шаралары туралы шешім қабылдау үшін аталған ақпаратты жақын арада өткізілетін жиналыста Банктің Директорлар кеңесінің назарына жеткізеді. ІАД басшысы Ереженің осы тармағында белгіленген, Банктің Басқарма Төрағасына және/ немесе Банктің Директорлар кеңесіне хабарлау тәртібінің бұзылуы анықталған жағдайлар туралы Банктің Директорлар кеңесіне дереу хабарлайды.
- 10.4. Инсайдерлердің осы Ереженің талаптарын бұзғаны туралы ақпаратты алған кезде, Басқарма Төрағасы немесе Директорлар кеңесі Инсайдерге қолданылуға тиіс шаралар туралы шешім қабылдайды, оған қоса (бірақ мұнымен шектелмей):
- 1) Ережені болашақта бұзуға жол бермеу туралы талап ету;
 - 2) Ереженің сақталуын бақылауды күшейту;
 - 3) бағалы қағаздармен жасалған мәміле туралы ақпаратты уәкілетті органға оның мәмілені бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мақсатында жіберу;
 - 4) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қолданылуы мүмкін болатын жағдайларда тәртіптік жазалау шаралары;
 - 5) өзге де заңды шаралар.
- 10.5. Бағалы қағаздар нарығында Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалануға немесе ақпараттың рұқсатсыз таралып кетуіне байланысты немесе бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында әрекеттер жүргізілетіні туралы ақпаратты алған кезде, Басқарма Төрағасы немесе Директорлар кеңесі:
- 1) кінәлі адамдарды немесе ақпараттың жария болу көзін анықтау мақсатында қызметтік тергеу жүргізу туралы;
 - 2) Банктің нақты жағдайы туралы баспасөз релизін шығаруы туралы;
 - 3) Сауда-саттықты ұйымдастырушыға, қаржылық қадағалау органдарына немесе сот органдарына жүгіну туралы;
 - 4) өзге де заңды шаралар туралы (бірақ мұнымен шектелмейтін) шешім қабылдай алады.

11. Қорытынды ережелер

- 11.1. Осы Ережемен танысып Банктің Инсайдерлері:
- 1) осы Ережені бұзғаны үшін және бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында, оның ішінде Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдаланып мәмілелер жасағаны үшін Инсайдерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе аумағында Банктің бағалы қағаздарымен мәміле жасалған елдің заңнамасында көзделген жауапкершілік атқаратынымен;
 - 2) Банктің уәкілетті органға және/немесе қор биржаларының арнайы бөлімшелеріне бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын Инсайдерлер немесе жасаған мәмілелер туралы ақпаратты тиісті сұратулар мен заңнаманың және KASE ережелерінің талаптары бойынша беруге құқылы екенімен келіседі.
- 11.2. Осы Ережеде реттелмеген басқа да мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес шешіледі.
- 11.3. Осы Ереже Банктің Директорлар Кеңесі бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Директорлар кеңесінің 2015ж. № --- хаттама бойынша шешімімен бекітілген
 «Kaspi Bank» АҚ-тың инсайдерлік ақпаратын ішкі бақылау, оған қол жеткізу,
 басқару және пайдалану ережесіне №1 қосымша

/ /20 ж. жағдай бойынша «Kaspi Bank» АҚ жұмыскерлерінің және инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын өзге де тұлғалардың тізімі

№	Жеке тұлғаның Т.А.Ә. / заңды тұлғаның атауы	Жеке тұлғаның туған күні / заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін (қайта тіркелуін) растайтын құжаттын деректемелері	Тұлғалардың санаты / Банктің бөлімшесі	Заңды тұлғаның орналасқан жері / жеке тұлғаның лауазымы	Инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздеме	Тізімге енгізу үшін негіздеменің пайда болған күні	Хабарлама табыс етілген күн	Тізімнен алып тастау негіздемесі	Тізімнен алып тасталған күн
Жеке тұлғалар									
1									
2									
Заңды тұлғалар									
3									
4									
"Бекітемін:"									
Басқарма Төрағасының/оны алмастыратын тұлғаның қолы _____									
МО									